

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
ШЫҒЫС № 09-02-847  
3.07.2025


## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылы 2 шілдедегі №01-02/768 санды хаты негізінде

«ZHADIGER» Ұлттық мәдениет пен білім және ғылым саласындағы инновациялық идеяларды дамыту академиясының «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ» Республикалық ғұмырнамалық ғылыми-әдістемелік басылымы туралы хатын ақпарат ретінде жолдайды.

Қосымша: 5 парақта

Басшының м.а



Б.Самылтыров

Орындаған: Г. Абдиева  
Тел: 87474736727



050027 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы, Ақжар ы-а,  
БСТК Малинка №9  
Тел: +77768868676  
e-mail: zhadiger\_academy@mail.ru

050027 г. Алматы, Наурызбай р-н, мкр. Ақжар,  
ПКСТ Малинка №9  
Тел: +77768868676  
e-mail: zhadiger\_academy@mail.ru

Шығыс хат: №03-01/5  
2025 жылғы 20 маусым

Облыстардың, Астана, Алматы,  
Шымкент қалаларының білім  
басқармаларының басшыларына  
Аудандық (қалалық) білім  
бөлімдерінің басшыларына

Академия әкімшілігі «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 Заңының 4-бабын, «Педагог мәртебі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңын басшылыққа ала отырып тұңғыш рет «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ҰЗДІКТЕРІ» Республикалық Ғұмырнамалық Ғылыми-Әдістемелік басылымын шығаруды жоспарлауда. ҚР Оқу-ағарту министрлігі озық педагогикалық тәжірибені жариялау үшін ұсынған (№269).  
Жинаққа меншік нысанына қарамастан еліміздің барлық өңірлеріндегі мектепке дейінгі, негізгі және жалпы орта білім беретін, техникалық және кәсіптік білім беретін, қосымша және арнайы білім беру ұйымдарындағы педагогикалық еңбек өтілі 10 жылды құрайтын «педагог-шебер» және «педагог-зерттеуші» санатындағы қызметкерлер енгізіледі.  
Өтініш беру және жариялану, сондай-ақ марапаттау ақысыз негізде жүзеге асырылады. Аталған инциклонедиялық ақпарат ҚР Әділет министрлігінің ағартық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіміне енгізілген және 21.08.2024 жылғы №49186 қуағи берілген.  
ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті ұсынған басылымдар тізіміне енгізілген (№269).  
Іріктеуге қатысу үшін 2025 жылғы 25 маусым – 2025 жылдың 25 шілдесі аралығында өтініштер қабылданады.



## I. Жалпы ережелер

1.1. Республикалық жинақтың мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай білім беру саласында ұзақ жылдар бойы үздіксіз еңбек етіп, педагогикалық тәжірибесімен, ғылыми-әдістемелік еңбектерімен, жанашылығымен, сондай-ақ кәсіби және қоғамдық жетістіктерімен көзге түскен ұстаздарды кенінен насихаттау, олардың өмір жолын, кәсіби үлесін ғұмырнамалық-ғылыми форматта ресми түрде тіркеп, өскелең ұрпаққа өнере ету. Сонымен қатар, жинақ арқылы ұстаз мәртебесін арттыру, білім беру жүйесіндегі озық тәжірибелерді жинақтап, республика көлемінде тарату көзделді.

1.2. «Қазақстан Республикасының білім беру саласының үздіктері» Республикалық ғұмырнамалық ғылыми-әдістемелік басылымы «Zhadiger» ұлттық мағннет пен білім және ғылым саласындағы инновациялық идеяларды дамыту академиясы» мекемесінің бастамасымен жарық көреді.

1.3. Ұымдастыру жұмыстарымен академия әкімшілігі айналысады. Академия әкімшілігі: ұсыныстарды қабылдау, конкурстық комиссияның қарауына материалдарды іріктеу, ұсыну, бағалауы, марапаттауды жүзеге асырады. Энциклопедияның жөнімпаздарын анықтау үшін конкурстық комиссия құрылады. Комиссия құрамы так саннан тұрады. Конкурстық комиссияның төрағалық қызметін бас редактор немесе авторлық құқық иесінің келісімін алған ұйым басшысы атқарады.

1.4. Үміткерлер тарапынан жіберілген материалдар мен жұмыстар келі қайтарылмайды. Конкурстық комиссияның шешімі арнайы хаттама түрінде әзірленіп, бұйрық шығару үшін ұйым басшысына ұсынылады. Конкурстық комиссия шешімі қайта қараламайды.

1.5. Өтініште келіп түскен мәліметтердің дұрыстығына мәліметті жіберуші тарап жауапты.

II. Іріктеуді өткізу мерзімі мен тәртібі. Қатысушыларға қойылатын талаптар

2.1. Атаптан жобата мәншік нысанына қарамастан кез келген білім беру ұйымдарындағы (мектепте дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы, кәсіптік және техникалық, қосымша, арнайы және инклюзивті білім беру) педагогикалық еңбек өтілі ен азы 10 жылды құрайтын және «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші» санатындағы қызметкерлер өтінім білдіре алады. Бір ұйымнан ұсынылатын қызметкерлер санына шектеу қойылмайды.

2.2. Іріктеуге қатысу үшін 2025 жылғы 25 маусым – 2025 жылдың 25 шілдесі аралығында өтініштер қабылданады.

2.3. Іріктеуге қатысу үшін әр қатысушы 2025 жылғы 25 шілдеге дейін (қабылдаудың соңғы күні 25 шілде) zhadiger\_akademy@mail.ru электронды поштасына қажетті құжаттарды (бірге) жіберу қажет.

2.4. Талап етілетін құжаттар:

1. Өтініш (мекеме басшысының қолы қойылып, мөр басылып, шығыс сандық хатының нөмірін көрсете отырып жолдайды. Үлгіні әр ұйым өзі бекітеді.

2. Тіркеу формасы (анкета). Әр үміткерге жеке толтырылып, электронды түрде жолданады.

3. Қызметкердің шығармашылық өмірбаяны. Өмірбаянда келесідей мәліметтер міндетті түрде қамтылуы тиіс: 1) Аты-жөні (құжат бойынша); 2) Туған жылы, айы, күні

(25.10.2005); 3) өмірбаяны, еңбек өтілі, еңбек жылдары, жетістіктері. Мәліметтер Microsoft Office Word форматта, қаріп түрі Times New Roman × 12, 2 беттен аспауы тиіс;  
4. 3-4 форматтағы биометриялық суреті (сурет жоғары сапада болуы керек, сканерленген суреттер қабылданады).  
5. Бұрын баспа бетінде жарияланбаған ғылыми-әдістемелік жұмысының өзіндік мәні (ғылыми мақала, үздік ашық сабақ материалы қабылданады). Көлемі 5 беттен аспауы тиіс. Мәліметтер Word құжаттың кітаптық бетке (книжная ориентация) бейімделіп жіберілгені қажет.

2.5. Мәліметтер қазақ және/немесе орыс тілінде қабылданады.  
2.6. Мәліметтер көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген және құжаттар толық болмаған жағдайда тіркелмейді және конкурстық комиссияның қарауына ұсынылмайды.  
2.7. Байқауға ұсынылатын жұмыстар бұрын еш жерде жарияланбаған, тек қатысушының жеке шығармашылық еңбегі болуы тиіс. Үшінші тұлғалардың материалдарын немесе интернет желісінен алынған деректерді пайдалануға үзіліссіз келуді тыйым салынады. Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы дайындалған немесе генерацияланған жұмыстар байқауға қабылданады. Тек автордың өзіндік идеясы мен еңбегі ескеріліп, бағаланады.  
2.8. Құжаттар толық жіберілгеннен кейін WhatsApp арқылы үйлестіруші ұйымдастырушыларға келесі мәліметтерді қосымша хабарлайды: *БҰҰ атауы, аты-жөні, лауазымы, мәліметті жолдаған электронды пошта адресі.*  
2.9. Байланыс телефоны: +7705 122 02 10

### III. Қорытындылау және үзілістерді марапаттау тәртібі

3.1. Іріктеудің қорытындысы, жетімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары 2025 жылғы 10 тамызда орналастырылатын болады. Қорытынды материалдар арнайы Google Диск платформасына жүктеледі. Барлық қатысушылар үшін ортақ WhatsApp чаты ашылып, сілтеме ортақ жолданады. Қатысушылар дипломдары мен сертификаттарын көрсетілген сілтеме арқылы жеке жүктеу алады.  
3.2. Энциклопедиялық жобаға қатысу және конкурстық комиссияның мақұлдауынан өткеннен кейін мәліметтерді енгізу, жариялау ақысыз негізде жүзеге асырылады.  
3.3. Конкурстық комиссияның шешімімен арнайы бағалау жұмыстары жүргізіліп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына сәйкес озық педагогикалық тәжірибесі тарапынан растайтын алғыс хаттар мен сертификаттар табыстаылады. Үйлестірушіге (ұйымдастырушыға) алғыс хат беріледі. Педагогтердің материалдарын (портфолио) бағалау параныңдағы "3.3. Зерттеу қызметі (тәжірибесі зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым" бөлімінің талаптарына сәйкес, бұл материал республика деңгейінде жарияланған бағылым ретінде аттестацияға жарамды болып табылады.  
3.4. Марапаттар қатысушының почтасына немесе жеке чатқа электронды түрде жолданады.

### IV. Қорытынды ережелер

4.1. Ұйымдастырушы Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұйымдастырушылар қатысушыларды Байқаудың қорытындыларын орналастыру мерзімінің өзгеруі туралы хабардар етеді.  
4.2. Ұйымдастырушылар марапаттау ережелеріне өзгеріс енгізуге құқылы.  
4.3. Энциклопедияның баспа нұсқасы Ұлттық академиялық кітапханана және Ұлттық кітапханана тегін таратылады. Бұл басылымның ресми ғылыми мертебесін айқындайтын көрсеткіш болып табылады. Сонымен қатар, энциклопедияның жеке данасын сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Қатысушылар мен мүдделі тұлғалар басылым туралы толық ақпаратты институт әкімшілігіне немесе ресми баспа серіктесіне хабарлау арқылы ала алады.

Сонымен қатар, энциклопедия жобасының жетімшәздарына арналған қоғамдық марапат ретіндегі арнайы естелік төбелілер қарастырылған. Бұл төбелілер Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 Заңына сәйкес, еңбегімен ерекшеленген тұлғаларға табысталады.

Марапат жетімшәздың кәсіби және қоғамдық қызметіне көрсетілген құрметтің белгісі болып табылады және еңбек адамның мәртебесін көтеру, оның қоғамдағы танымалдылығын арттыру мақсатында беріледі. Төбелі алу жөнінде қалауы бар жетімшәздар қосымша өтініш білдіру арқылы осы марапатқа ие бола алады.

4.4. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес үміткер өзіне қатысты жеке деректерді өңдеуге және қолдануға сондай-ақ іріктеуден өткен жағдайда ережеге сәйкес мәліметтердің қысқартылған нұсқасына келісім берген болып саналады.

### Қатысушыларға арналған байланыс арналары (QR-кодтар)

*Байланыс үшін/Для связи*



*Қатысушыларға арналған чат  
Чат для участников*